

Ілияс Жансүгіров атындағы Жетісу университетінің  
6D010300– Педагогика және психология мамандығы бойынша  
философия докторы (PhD) дәрежесін алуға ұсынылған «Студенттердің  
тұлғалық өсуіне кәсіби даярлану үрдісіндегі мотивацияның  
психологиялық әсерін зерттеу» тақырыбындағы Мамекова Асем  
Танирбергеновның диссертациялық жұмысына  
ғылыми консультанттың  
ПІКІРІ

Қазіргі жағдайда жоғары мектеп дамуында уақыт талабына сай жоғары білікті маман даярлайтын оқыту әдістерін өңдеу, болашақ кәсіп иелерін тәрбиелеу мәнді болып отыр. Болашақ мамандарға қойылатын мақсат – міндеттердің күннен-күнге өсуі жоғары оқу орындағы оқу процесінің тиімділігін арттыру үшін үлкен ізденіс пен шығармашылық қалыптасу жолын талап етеді.

Сол ізденіс жолында докторант диссертацияның өзектілігінде кәсіби және тұлғалық даму мәселесі, ол адам өміріндегі кәсіби іс-әрекеттің маңыздылығымен анықтай отырып, қазіргі уақытта отандық және шетелдік әдебиеттерде тұлғаның кәсіби дамуы мен маманның тұлғалық дамуының жоғары кәсібилік пен шеберлік деңгейіне жетуі туралы бірыңғай, тұтас түсінік жоқ екендігін, ғалымдардың зерттеу объектісі мен мақсатына қарай әртүрлі мазмұнмен толтыратындығын, психологиялық және педагогикалық компоненттеріне зер салып, жан-жақты қарастырады.

Докторант А.Т. Мамекованың диссертациясы кіріспеден, үш бөлімнен, қорытындыдан және қосымшалардан тұрады. «Студенттердің тұлғалық өсуіне әсер етуші мотивацияның теориялық – әдістемелік аспектілері» деп аталатын бірінші бөлімде студенттердің тұлғалық өсуіндегі кәсіби даярланудың мотивациясының педагогикалық-психологиясының теориялық негіздерін ашу, кәсіби даярланудағы мотивациясының қалыптасу ерекшеліктерін айқындаған. Қазіргі кезеңде әр адамның өмірінде көп уақытты оның кәсіби қызметі алады. Мәселенің теориялық талдауы кәсіби дайындық процесіндегі мотивацияның табиғаты бірнеше позициядан қарастырылатынын көрсетеді: біреулер оны белсенділіктің бір нақты мотиві ретінде, басқалары осы әрекеттің мотивтер жүйесі ретінде қарастырғандығын назар аударған. «Студенттердің тұлғалық өсуіне кәсіби даярлану үрдісіндегі мотивацияның әсерін тәжірибелік эксперименталды зерттеу» деп аталатын екінші бөлімде констатациялық эксперимент арқылы студенттердің тұлғалық өсуіне, кәсіби дамытуға мотивацияның әсерін психодиагностикалық зерттеулер жүргізген. Ал, «Студенттердің тұлғалық өсуіне кәсіби даярлану үрдісіндегі мотивациясын қалыптастыру әдістемесі» деп аталатын үшінші бөлімінде психологиялық эксперимент нәтижелерін толықтай көрсете білген, ЖОО-дағы білім беру жүйесіне «Тұлғалық өсуі және кәсіби даярлану мотивациясы» атты пәннің арнайы оқу - бағдарламалық кешенінің жоспарын ұсынылып, тәжірибе жүзінде қолданып және «Тұлғалық өсуі





психологиясы және мотивация» оқу әдістемелік құралын енгізген. Сонымен қатар қорытынды бөлімінде зерттеу жұмыстарының эмпирикалық болжамдарын дәлелдеу нәтижелері бойынша бірнеше тұжырымдарын ұсынған.

Зерттеудің кең базасы (Талдықорған қаласындағы І. Жансүгіров атындағы Жетісу университеті, Алматы қаласындағы әль-Фараби атындағы ҚазҰУ, «Қайнар» академиясы) ЖОО студенттердің тұлғалық өсуіне кәсіби даярлану үрдісіндегі мотивацияның психологиялық әсерін зерттеуді жүргізу бойынша эксперименттік нәтижелерді негізделген ғылыми жұмыс деп санауға мүмкіндік береді, ал ЖОО студенттердің кәсіби және тұлғалық мотивациясын қалыптастырудағы анықталған нәтижелер болашақ мамандарға жоғары кәсіптік білім беру жүйесінде кәсіби дайындық процесінде тиімді көмек көрсету қажеттігін көрсетеді. Сонымен бірге, оқу жұмысының нәтижесінде студенттердің кәсіби мотивациясын қалыптастырудың барлық үш критерийі бойынша көрсеткіштердің статистикалық маңыздылығын көрсете отырып, бағдарламаны ЖОО-да педагог-психологтарға пайдаланылуы мүмкін.

А.Т.Мамаквановтың диссертациялық зерттеуі аясында қарастырылып отырған мәселенің өзектілігі қазіргі психология ғылымының оқыту процесі, студенттің қиындықтарды жеңуге, табысқа ұмтылуға, іс-әрекетті сапалы орындауға қабілетті, болашақ кәсіптік қызметтің белсенді субъектісі ретінде қалыптасуына ықпал етуі керектігі жайлы, осы мәселелерді шешуге арналған және Қазақстан Республикасында студенттердің тұлғалық өсуіне мотивацияның әсері қазіргі заманғы кәсіби білімін дамытуға септігін тигізеді. Ал, мотивация оқытудың табыстылығына, кәсіби іс-әрекетті орындаудың тиімділігіне әсер ететіндіктен, студенттердің оқу-тәрбие процесіндегі жеке белсенділігін анықтайтындығын және оқыту үдерісін бақылауға болатындай мотивация мен студенттердің жеке-жеке ерекшеліктері арасындағы байланысты талдау да өзектілі екендігін қарастырған.

Ізденуші докторант теориялық дайындығы мен зерттеудің эмпирикалық болжамы өте жақсы. Өзін алға қойылған мақсаттар мен міндеттерді нақты анықтауға, дербес әрі терең ойлау қабілетімен, жұмысына жауапкершілікпен қарайтындығы, педагогика және психология саласында жеткілікті білімі бар екені, өз мамандығына кәсіби шеберлігімен әрі қызығушылықпен қарайтыны, тиісті зерттеу әдіснамасын таңдаумен және ұсынылған идеяларды тың тәсілмен тұжырымдай білуімен ерекшеленеді.

Зерттеудің негізгі нәтижелері Қазақстан Республикасының, жақын және алыс шетелдердің бірқатар ғылыми журналдарында, түрлі ғылыми басылымдарда жарияланды, халықаралық ірі конференциялардың материалдары мен баяндамаларының тезистерімен бірге ұсынылды.

Зерттеу нәтижелері бойынша 20 ғылыми жұмыс жарияланды, соның ішінде 4 мақала – ҚР Білім және ғылым министрлігінің Білім және ғылым саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті анықтаған рецензияланған



ғылыми басылымдар тізбесіне енгізілген журналдарда, 2 мақала –SCOPUS базасына кіретін рецензияланған халықаралық журналда, 2- мақала РФДИ(РИНЦ)–ғылыми журналда және 10 мақала– халықаралық ғылыми-практикалық конференциялар, 2 республикалық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдарында жарияланған.

А.Т. Маменова диссертациялық жұмысы ҚР БЖҒМ Білім және ғылым саласында сапаны қамтамасыз ету комитетінің қоятын талаптарына сәйкес келеді және «6D010300 – Педагогика және психология» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға толық лайықты. Мазмұны бойынша докторантқа жасалған ескертулер жұмыстың соңғы кезеңінде жойылды. Жұмыс автордың өз бетінше, жеткілікті жоғары деңгейде орындаған және толық аяқталған ғылыми зерттеуі болып табылады.

Маменова Асем Танирбергеновнаның «Студенттердің тұлғалық өсуіне кәсіби даярлану үрдісіндегі мотивацияның психологиялық әсерін зерттеу» тақырыбындағы докторлық диссертациясын Ілияс Жансүгіров атындағы Жетісу университеті» КЕ АҚ жанындағы «6D010300 – Педагогика және психология» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға диссертациялық кеңеске қорғауға ұсынуға лайықты деп есептеймін.

**Шетелдік ғылыми кеңесші,  
Түркия Республикасы, Анкара қ.,  
Гази Университетінің педагогика  
ғылымдарының докторы,  
профессор**

